

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРЖОЛ
ЖӘНЕ СУ КӨЛІГІ КОМИТЕТІНІҢ
«ҚАЗАҚСТАН СУ ЖОЛДАРЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ҚАЗАҚСТАН СУ ЖОЛДАРЫ»
КОМИТЕТА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО И
ВОДНОГО ТРАНСПОРТА МИНИСТЕРСТВА
ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ХАТТАМА

02.12.2025 жыл

Өскемен қаласы

ПРОТОКОЛ

№ 4

г. Усть-Каменогорск

Төраға: Кузьмин В.Б., бас директордың навигациялық және техникалық қауіпсіздік, гидрографиялық және құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

Хатшы: Абрамкина А.Б., сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының Комплаенс бақылау жөніндегі аға маманы.

Қатысқандар:

Орталық аппараттан:

1. Аникина Н.П., сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы;
2. Гейне М.В., ұйымдастыру-кадрлық және әкімшілік-техникалық жұмыс басқармасының бастығы-кадрлар жөніндегі бас инспектор.

Филиалдар бойынша:

- 1) Гейне М.В., Жоғарғы Ертіс филиалының директоры;
- 2) Прилуцкий Е.П., «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы директорының м.а.;
- 3) Гречкин А.В., Семей филиалының директоры;
- 4) Хан Л.Г., Іле-Балқаш филиалының директоры;
- 5) Горшунов В.И., Орал-Каспий филиалының директоры;
- 6) Работов Б.К., Павлодар филиалының директоры;
- 7) Евдокимов В.В., «Теңіз навигациялық орталығы» филиалының директоры;
- 8) Оразов Ж.Е., «Кеме қатынасының тіркелімі» филиалы директорының м.а.

КҮН ТӘРТІБІ:
«ҚСЖ» РМҚК тәуекелдерді басқару жүйесі»
— ішкі нормативтік құжатын енгізу

ТЫҢДАЛДЫ:

Кенестің төрағасы Кузьмин В.Б., ол қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінде және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» РМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі іс-шаралар жоспарының №17 тармағын орындау мақсатында, «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында **«ҚСЖ» РМҚК тәуекелдерді басқару жүйесі»** (бұдан әрі — ТБЖ) ішкі нормативтік құжат әзірленіп, енгізілді.

ТБЖ негізгі мақсаты су жолдарын, навигациялық жүйелерді және кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерді) күтіп ұстауға және дамытуға бөлінген бюджет қаражатын ұтымсыз пайдалануды болдырмау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы Аникина Н.П., ол қатысушыларды ТБЖ егжей-тегжейлі таныстырып, тәуекелдерді тиімді басқару сенімге, жауапкершілікке және ашықтыққа негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралы болып табылатынын атап өтті. Тәуекелдерді бағалау және басқару процесі қызметтік міндеттерін орындау кезінде заңдылықты арттыруға және құқықтық талаптарды сақтауға ықпал етіп қана қоймай, қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде ресурстарды ұтымды пайдалануға, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және кәсіпорынның жалпы тиімділігін арттыруға оң әсер етеді.

Сондай-ақ, қатысушыларға **тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру және қолдау үшін жауапкершілік**, қызметі сенімді және қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыруға бағытталған, **сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасына жүктелгені** жеткізілді.

Төраға

Хаттаманы толтырған



В. Кузьмин

А. Абрамкина